

«Алмас қылыш қын түбінде жатпайды» деп дана халқымыз тегін айтпаған. Елі мен жерін қорғап, сол үшін жанын қиған жаужүрек батырларды туған халқы ешқашан да ұмытқан емес. Олардың аяулы есімдерін ардақтап, аңыз жырға айналдырып, өскелең ұрпақтың бойына сіңіруді міндет деп санаған. Сондай ел есінде сақталған қазақтың есіл ерлерінің бірі – менің атам Кейкі Көкембайұлы.

Кейкі ата бес ағайынды болған екен. Олар Оспан, Қосжан, Омар, Кейкі (Нұрмағанбет), Шұбар. Қосжаннан екі қыз – Ақбала мен Тоғытай және менің әкем Дүйсентай туған. Олар әке-шешеден ерте жетім қалыпты. Кеңес дәуірі тұсында Көкембайдың кіндігінен тараған ұрпақтарды «банды» деп айыптап, билік басындағылар қыспаққа алғандықтан, әкеміз Қосжанұлы Дүйсентайды апалары Ақбала мен Тоғытай жетімдер үйіне тапсырады. Бұл сол биліктің қыспағынан құтқару үшін жасалған әрекеттің негізгі себебі болған деседі.

Жылдар өтіп Дүйсентай әкеміз 12 жасқа толған кезде апалары жетімдер үйінен алып, бауырларының тәрбиесін өздері қарайды. Балалық шақты жетімдікпен өткізіп, өз отын жағар уақыт та келеді. Осы шақта екі қызымен жесір қалған жеңгесі, Қызылорданың тумасы, Бұрқанқызы Балшыкер анамызбен әменгерлік салтымен бас қосады. Отбасыларына Шахизада мен Күлшайым Күлмағанбетқызылардың артынан 5 бала өмірге келеді. Олардың ең үлкені мен Күләш, екі інім Сейітқали, Берік, екі сіңілім Гүлбаршын, Гүлбарам бармыз.

Балалық шағымыз әкеміздің туған жері Аманкелді ауданы, Тасты аулында өтті. Бір үйде бес қыз, екі ұл тәрбиеленген әкеміз бен анамыз бізді қатарымыздан кем қылмады, үлгі-өнегесімен сусындатып, бар тәрбиені бойымызға сіңірді. Әкем жастайынан мал шаруашылығымен айналысып еді. Тасты аулында қырық жыл адал еңбек етіп, медальдармен,

Әкеміз өз ошақтарын ұстап балалы-шағалы болған апаларына бізді жиі апарып тұратын. Олардың бірі Қосжанқызы Ақбала (1907-1997). Жолдасы Жүсіпов Әлжанар. Балалары – Егеубай, Елеубай, Гүлбаршын. Екінші апасы Қосжанқызы Тоғытай (1916-1990). Туған жері Тасты ауылы. Жолдасы Қуанышбайұлы Нұрхан. Балалары – Жарасқан, Ұмытқан. Қырықжылдық аулында тұратын. Әр барғанымызда жалғыз бауырларын көргенде қуанып, күшәк жая қарсы алатындары әлі күнге көз алдымда.

Ақбала апам әкемің тұлғасын, бет алпетін, мергендігін, қолының қаттылығын, мықтылығын Кейкі атама ұқсатып, Қосжаннан қалған бел бала сендердің әкелерің Дүйсентай ғана, Кейкі атаңның артында қалған сендерсіңдер, басқа тума болмаған» деп - батыр атамыз туралы ел аузында жүрген өлеңдерін, әңгімелерін айтып отырушы еді.

... Атқа салдым құйысқан, судай ақты қызыл қан,
Андамай түстім алдауға не болады, шайбын жан,
Атқа салдым ерімді, бермедім жауға елімді
Мұсылманнан жау шығып, сындырды Алла белімді.
Атқа салдым терілікті, кәпірге қылдым ерлікті,
Мен кеткенсін елім-ау, көрерсің жаудан қорлықты.
Үйдің іші мұқамбар,
қорқыныштан кеулім бар
Өзімнен туған перзент жоқ, іздепте келер кімім бар?..- деген өлең жолдарын

Ақбала апамыздың аузынан 1997 жылы апамыздың дүние саларынан екі жыл бұрын сіңлім Гүлбаршын мен жолдасы Қайрат евеуі жазып алған екен.

Тарих қайта жаңғырып, Кейкі атамыздың аты қайта аталғанда сарғыш тартқан сол жазбаларды қайта оқыдық. Бұған дейін ішіміз білсе де, атамыздың атын астыртын ғана құлағымызға құйып отырған апамыздың «Зияны тиер, атаңды көп атама» деген сөздерінің санамызда жатталып қалғандығы-ау.

Балалық шақта құлағыма сіңіріп өскен атамыздың ерлігі бүгінде тарих бетінен орасан орын алты-



наш жүрегімізді сыздатады.

Бүгінде 1916 жылғы Торғайдағы ұлт - азаттық көтерілісінде керемет ерліктер көрсеткен Кейкі батыр есімі халық жадында. Кеңес үкіметі тұсында билік тарапынан сұрмерген Кейкінің атын айтуға да тыйым салынса, ал қазір ел өзінің ерен туған батыр ұлын ақтап алды. Оның бір дәлелі - бабамыздың бас сүйегі Ресейден елге қайтарылуы.

Әкемің көзі тірі болғанда ұлы батырын ұлықтап жатқан халыққа сол уақытта айтылмаған Кейкі батыр жайлы сырды көсіліп шертер ме еді?!

«Орында бар оналар» деген халқымыздың дана сөзіне бес атадан тікелей жалғыз қалған ұрпағы Дүйсентайдан туған біз куә болып отырмыз. Әкеміздің аңсаған арманы орындалып, жүрегімізден шыққан қуанышта шөк жоқ.

«Тарихи откенге сүйенбей - болашақ мүмкін емес» деп атап көрсеткен Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен, еліміздің ардақты азаматы, халқының жанашыры Сенат депутаты, Құлақодатшақ руынан шыққан Ақылбай Серік Байсейітұлының қолдауының арқасында, сонымен қатар арқа елінің азаматы, тарихшы, осы Кейкі батырдың өмірінің қыр - сырын зерттеп, дәлелдеп, ел құлағына шынайы жеткізген Шәттібай Байділдаұлының еңбектерінің зор екенін айтқым келеді. Осы кісілерге Құлан қыпшақ ұрпақтарының атынан, өзімің атыман алғыс айта отырып, ризашылығымды білдіремін.

Құләш